«Алматы электр станциялары» АҚ
2025 жылғы «30» маусым
№ 153 Бұйрығына
Қосымша

«АлЭС» АҚ-да мердігерлік ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы ереже

Құжат иесі	ӨҚжЕҚБ
Редакциясы	2
Жылы	2025

Алматы қ.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

Мазмұны

1. Мақсаты және қолданылу саласы ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
2. Терминдер мен қысқартулар ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
3. Жауапкершілік 6
4. Жалпы ережелер 7
5. Тапсырыс берушінің мердігерлік ұйыммен өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша өзара іс-әрекеті ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
6. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру және рұқсатты ресімдеу .... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
7. Нұсқамалар өткізу ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
8. Жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
9. Мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігі. **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
10. Мердігерлік ұйымның қызметін бағалау ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
11. ЖҚҚ-ны, құрал-саймандар мен жабдықтарды алып кірудің тәртібі мен талаптары..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
12. Мердігерлік ұйымдарда Қауіпсіздік техникасы күндерін өткізу..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
13. Мердігерлік ұйымдар персоналының төтенше жағдайдың туындауы кезіндегі іс-әрекеттері ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
14. Нормативтік сілтемелер 26
1-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
2-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
3-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
4-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
5-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
6-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
7-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
8-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
9-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
10-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
11-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
12-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
13-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**
14-қосымша ..... **ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**

15-қосымша .....**ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.**

1. Мақсаты және қолданылу саласы

1.1 Осы Ереже Қоғамның объектілерінде және мүдделері үшін жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) кезінде өндірістік департаменттердің (бұдан әрі - ӨД) мердігерлік ұйымдармен өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында өзара қарым-қатынас жасау тәртібін айқындайтын жалпы талаптарды белгілейді. Ереже шарт бойынша жұмысқа тартылған барлық жұмыскерлерге, сондай-ақ ӨД аумағында жұмыстарды орындайтын мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдарға қолданылады.

1.2 Ереже мердігерлік ұйымдардың ӨД және Қоғам объектілерінде:

1) өндірістік объектілерді салу, жаңғырту, күрделі жөндеу, техникалық қайта жарақтандыру, консервациялау және тарату;

2) өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғыларды, техникалық құралдарды, машиналар мен жабдықтарды монтаждау, ретке келтіру, қызмет көрсету және жөндеу;

3) ғимараттар мен құрылыстарды жөндеу және сервистік қызмет көрсету;

4) қосалқы және көмекші жұмыстарды орындау; автокөлік қызметтерін көрсету жұмыстарын орындау/қызметтерін көрсету шарттарында мердігерлік ұйымдарға өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша қойылатын талаптарды белгілеу кезінде қолданылады.

1.3 Осы Ереженің талаптары мердігерлік ұйымдардың өндірістік объектілерді жобалау, авариялады, төтенше жағдайларды оқшаулау және жою, өндірістік объектілерде және ӨД мен Қоғам қызметінің аумағында өрттерді сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуіне қатысты қолданылмайды.

1.4 Осы Ереженің негізінде ӨД-де өндірістік қауіпсіздік саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара қатынастарды реттейтін ішкі нормативтік құжаттар әзірленуі және бекітілуі тиіс.

1.5 Ереже шарттар мен мердігерлерді басқаруда бәрін қамтитын ретінде қарастырылмайды.

1.6 Мердігерлік ұйымдардың барлық жұмыскерлері ӨД-де қолданылып жүрген ІНҚ талаптарын сақтауға міндетті.

2 Терминдер мен қысқартулар

Термин | қысқарту	Анықтамасы
Авария	Қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың бұзылуы, бақыланбайтын жарылыс және (немесе) қауіпті заттардың шығарылуы
Қауіпсіз еңбек жағдайлары, еңбек қауіпсіздігі	Зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың жұмыс істеушілерге әсер етуі алып тасталған не олардың әсер ету деңгейлері белгіленген нормативтерден аспайтын еңбек жағдайлары

Еңбекті қорғау жөніндегі кіріспе нұсқама	Жұмыскерді ұйым туралы жалпы мәліметтермен, жұмыс беруші қызметінің сипатты ерекшеліктерімен, сондай-ақ жұмыс берушілер мен жұмыскерлер арасындағы еңбекті қорғау саласындағы қатынастарды реттеудің құқықтық негіздерімен таныстыруды қамтитын еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамалар түрлерінің бірі
Қолданыстағы өндірістік объект	Пайдаланудағы цех, учаске, алаң, өзге де өндірістік объект
Жол-көлік оқиғасы	Жолда жүру процесінде және оның қатысуымен орын алған, адамдар қаза тапқан немесе жарақаттанған, көлік құралдары, құрылыстар, жүктер зақымданған не өзге де материалдық залал келтірілген оқиға
Тапсырыс беруші	Екінші тарапқа (мердігерге) белгілі бір жұмысты орындауды тапсыратын мердігерлік шарттың тарабы
Елеулі оқиға	Салдары адамдардың денсаулығы, қоршаған орта және/немесе кәсіпорынның имиджі мен қаржылық жағдайы үшін елеулі болып саналатын оқиға
Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулық	Жұмыс берушінің өндірістік үй-жайларда, ұйымның аумағында, құрылыс алаңдарында және осы жұмыстар жүргізілетін немесе қызметтік міндеттері орындалатын өзге де орындарда жұмыстарды орындау кезінде еңбекті қорғау жөніндегі талаптарды нақтылайтын актісі. Нұсқаулық әзірлеуді жұмыс беруші учаскедегі, цехтағы, қызметтегі, зертханадағы және жалпы ұйымдағы әрбір кәсіп үшін, сондай-ақ жекелеген жұмыс түрлері (биіктікте жұмыс істеу, сынау және т.б.) мен жұмыс орындары бойынша жүзеге асырады.
Инцидент	Жұмысқа байланысты немесе жұмыс процесінде орын алған, нәтижесінде жұмыскердің жарақат алуы немесе денсаулығының нашарлауы (ауырлығына қарамастан) немесе қайтыс болу қаупі туындайтын немесе орын алатын қауіпсіз емес оқиға
Күрделі жөндеу	Негізгі бөлшектерді қоса алғанда, оның кез келген бөліктерін ауыстыра немесе қалпына келтіре отырып, жарамдылығын қалпына келтіру және бұйымның ресурсын толық немесе толық қалпына келтіру үшін орындалатын жөндеу
Түзету әрекеті	Анықталған сәйкессіздіктің немесе басқа да жағымсыз жағдайлардың себептерін жою және оның қайта туындауын болдырмау үшін алдын ала қолданылған іс-әрекет
Шарт бойынша куратор БК немесе ӨД әкімшісі	Шарттың қолданылу мерзімі кезеңінде туындайтын мәселелерді шешу және шарттың мәні бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде тараптардың өзара қарым-қатынастарын үйлестіру үшін жауапты болып тағайындалған БК/ӨД және МЕРДІГЕРДІҢ жұмыскерлері

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

Медициналық көмек	Меншік нысанына, ұйымдық-құқықтық нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, медициналық қызметке лицензия алған жеке тұлғалар құрған медициналық ұйымдарда көрсетілетін көмек
Қауіпсіздік жөніндегі іс-шаралар	Ұйымның заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарымен, сондай-ақ ұйымның саясатымен және жергілікті нормативтік құжаттамамен айқындалатын еңбек қауіпсіздігі саласындағы мақсаттарды орындауға бағытталған жоспарланған нақты қызметі; өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және еңбек қауіпсіздігі жөніндегі бағдарламалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.
Сәйкессіздік	Стандарттардың, технологиялардың, әдістемелердің, қағидалардың, басқару жүйесінің жұмыс істеуінің және т.б. талаптарына сәйкес келмейтін; тікелей немесе жанама түрде жарақатқа немесе ауруға, мүліктің зақымдануына, жұмыс орнындағы қоршаған ортаның бұзылуына немесе олардың қатар орын алуына алып келуі мүмкін кез келген ауытқу
Жазатайым оқиға	Жұмыскерлердің немесе өндірістік қызметке қатысатын басқа да тұлғалардың зардап шегушіге қауіпті факторлардың әсерінен мертігуіне немесе өзге де дене зақымдануына (жарақаттануына) және/немесе денсаулығының өзге де зақымдануына әкеп соққан, оның еңбекке қабілеттілігін уақытша (жұмыс ауысымынан көп) немесе тұрақты жоғалтуына әкеп соққан оқиға, жұмыскерді басқа жұмысқа ауыстырудың қажеттілігі не оның қайтыс болуы. Бұған микрожарақаттар немесе бір жұмыс ауысымынан артық еңбекке жарамдылығын жоғалтуға әкеп соқтырмаған жарақаттар жатпайды.
Қоғам/«АлЭС» АҚ	«Алматы электр станциялары» АҚ
Мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымның өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мен ЕҚ жөніндегі жауапты өкілі	Ұйымның өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі; деректерді үйлестіру, ӨҚ және ЕҚҚ-мен өзара іс-әрекет жасау мен ақпарат алмасу үшін жауапты өкілі
Еңбекті қорғау (ЕҚ)	Құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастыру-шылық-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактикалық, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдарды қамтитын еңбек қызметі үдерісінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі
Мердігерлік ұйым, мердігер	Жасалған шарттардың талаптарына сәйкес Қоғамның/ӨД өндірістік аумағында және объектілерінде белгілі бір жұмыстарды орындайтын (қызметтер көрсететін) жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер

Өндірістік қауіпсіздік	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы қорғалу жағдайы - негізгі бағыттар ретінде, тасымалдау үдерісінің қауіпсіздігі және т.б.
Оқиға	Объектіні сақтау, консервациялау, пайдалану немесе жою кезінде орын алған және авариядан, оқыс оқиғаға, жазатайым оқиғаға, микрожарақатқа, ақауға, техникалық құрылғының істен шығуына, іркіліс жағдайына, тұтануға/өртке, жол-көлік оқиғасына, қоршаған ортаға теріс әсерге немесе радиациялық көзді пайдалану кезіндегі бұзылуға қатысты жағымсыз оқиға
Тексеру	Тексеру комиссиясы оқиғаға қатысты фактілер мен дәлелдемелерді жинайтын және тексеретін, оқиғаның түпкі себептерін анықтап, алынған сабақтарды қалыптастыратын үдеріс
Жаңғырту	Күрделі құрылыс объектісінің немесе оның бөліктерінің параметрлерін (биіктігін, қабат санын, алаңын, көлемін) өзгерту, оның ішінде объектіні үстінен салу, қайта салу, кеңейту, сондай-ақ осындай конструкциялардың жекелеген элементтерін осындай конструкциялардың ұқсас немесе өзге де жақсартатын көрсеткіштеріне ауыстыруды және (немесе) көрсетілген элементтерді қалпына келтіруді қоспағанда, күрделі құрылыс объектісінің көтергіш құрылыс құрылмаларын ауыстыру және (немесе) қалпына келтіру
Еңбекті қорғауды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Еңбекті қорғау саясаты мен мақсаттарын және осы мақсаттарға жету рәсімдерін белгілейтін өзара байланысты немесе өзара әрекеттесетін элементтер жиынтығы
Қосалқы мердігер	Жабдықтарды жөндеуге және/немесе тауарларды немесе қызметтерді жеткізуге Қоғаммен шарт жасасқан бас мердігер жалдаған жеке және заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер
БК	Бас кеңсе
АБ	Ауысым бастығы
ЖҚҚ	Жеке қорғану құралдары
ӨҚжЕҚБ	Қоғамның Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасы
ӨД	Өндірістік департаменттер
ОБҚ	Орталық басқару қалқаны

3. Жауапкершілік

3.1 Осы Ережені әзірлеудің дұрыстығы, оған өзгерістердің уақтылы енгізілуі үшін Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасының бастығы жауапты болып табылады.

3.2 Осы Ереженің енгізілуі үшін Өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау басқармасының бастығы жауапты.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

3.3 Осы Ереженің орындалуы бойынша бақылауды Қоғамның Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры жүзеге асырады.

3.4 Осы Ереженің орындалуына «АлЭС» АҚ БК және ӨД қызмет бағыты бойынша құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік департаменттерінің басшылары жауапты болып табылады.

4. Жалпы ережелер

4.1 Жұмыстарды орындайтын (қызметтерді көрсететін) мердігерлік ұйымды таңдау үдерісі Сатып алу қағидаларына, Қоғамның денсаулықты қорғау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету саласындағы саясатына сәйкес жүргізілуі тиіс.

4.2 Қоғамның/ӨД-нің (бұдан әрі - Тапсырыс беруші) өндірістік қауіпсіздік саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара қатынастары жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) туралы шартта тиісті бөлімді енгізу немесе шартқа қосымша ретінде қосу арқылы белгіленуі тиіс.

4.3 Мердігерлік ұйым ҚР заңнамасының тиісті талаптарын, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, өрт қауіпсіздігін және еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды басқарудың меншікті жүйелерін, Қоғамның және ӨД жергілікті нормативтік актілерін, сондай-ақ «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің аумағында мердігерлік ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру туралы ережені басшылыққа алуы тиіс.

Қоғамның және ӨД-нің жергілікті нормативтік актілері мердігерге орындаушы тарапынан ӨД аумағындағы жөндеу (құрылыс-монтаждау) жұмыстарының басталуына дейін жеткізіледі.

4.4 Мердігерлік ұйымдар Тапсырыс берушінің аумағы мен объектілерінде жұмыс істеу кезінде жарақаттануға жол бермеу және Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша міндеттемелер қабылдауы тиіс.

4.5 Мердігерлік ұйым өз қызметін заңнамада көзделген, уәкілетті мемлекеттік органдар беретін барлық рұқсат беру құжаттары (лицензиялар, сертификаттар, рұқсат беру туралы куәліктер, келісулер және т.б.) болған жағдайда жүзеге асыруы тиіс.

Мердігерлік ұйым, егер шарт бойынша жұмыстарды орындау үдерісінің «АлЭС» АҚ жұмыскерлері үшін қауіптілігі бар болып табылатын жағдайда, тапсырыс берушіні өз өндірісінің жұмыстарды орындау аймағына жақын жерде туындайтын қауіпті факторларымен таныстыруға міндетті.

4.6 Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушіге өзінің:

1) еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі жөніндегі жеке қызметі немесе маманы бар екені, Ұйымдағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік қызметі туралы үлгілік ережеге сәйкес жұмыскердің қатысуын қамтамасыз ететіні;

2) жұмыс беруші тарапынан Еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу, бекіту және қайта қарау қағидаларына сәйкес еңбекті қорғау және қауіпсіздік жөніндегі барлық қажетті нұсқаулықтарды әзірлейтіні және оларды өзекті күйде ұстайтыны;

3) мамандардың еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, нормативтік және техникалық құжаттарды зерделеуін қамтамасыз ететіні;

4) жұмыстарды жүргізуге Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1019 бұйрығына сәйкес еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқытудан өткен, тиісті түрде аттестатталған және білімдеріне тексеруі бар жұмыскерлерді ғана жіберетіні;

5) өз жұмыскерлеріне мерзімдік медициналық тексеруді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығына сәйкес дербес жүргізетіні; ал шалғай учаскелерде жұмыс істеген жағдайда - Тапсырыс берушінің объектілерінде орналасқан медициналық пункттерде қажетті мерзімдік медициналық тексерулерді ұйымдастыратыны;

6) өз жұмыскерлерін арнайы киіммен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен, сондай-ақ санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ететіні;

7) өз ұйымының жұмыскерлерімен кіріспе, жұмыс орнындағы бастапқы, қайталама, кезектен тыс, мақсатты нұсқамалар өткізетіні, сондай-ақ жұмыс орнында тағылымдамадан өткізетіні;

8) Тапсырыс берушінің объектісіндегі жұмыстарды орындауға жіберілген мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйым жұмыскерлерінің барлығына келтірілген зиянды «Жұмыскер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» шартты жасасу арқылы өтейтіні жөнінде кепілдік береді.

4.7 Өндірістік учаскелер, технологиялық жабдықтар немесе жеке тұрған жабдықтар, ғимараттар мен құрылыстар, сондай-ақ мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымның күшімен оларда жұмыстарды орындау үшін бөлінуі мүмкін басқа да объектілер рұқсат актісіне сай соңғысына беріледі. Актінің нысаны 1-қосымшада келтірілген. Бұл жағдайда наряд-рұқсаттардың берілуін мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйым жүзеге асырады. Рұқсат беру нарядының нысандары 5-, 6-, 7- және 8-қосымшаларда келтірілген. Егер қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген учаске арқылы жұмыс істеп тұрған ток сымдары, мазут жеткізбелері немесе басқа да жұмыс істеп тұрған коммуникациялар өтетін болса, сондай-ақ технологиялық жабдық, машиналар және механизмдер жұмыс істейтін болса, онда жұмыстарды орындау, осы коммуникацияларға қосылу тәртібін осы жұмыстарды орындайтын ұйым ЖЖЖ-ға жазуы тиіс, немесе (оның тапсырысы бойынша) осы жұмыс түрлеріне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады және тапсырыс беруші мамандарының қатысуымен жүзеге асырылады.

4.8 Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың жұмыскерлері тапсырыс берушінің объектілерінде орындайтын жұмыстар жобалық шешім және тапсырыс беруші мен мердігер (қосалқы мердігер) қалыптастыратын өкімдік құжаттар:

- рұқсат актісі (құрылыс-монтаж жұмыстарына бөлінген аумақтың шектерін белгілеу, жұмыстарды орындау мерзімдері және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жабдықты қауіпсіз пайдалануға бағытталған іс-шаралар). 1-қосымша;
- орындалатын жұмысқа тән қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың тізбесі;
- алаңнан тыс орындалатын дайындық жұмыстарының еңбек қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігі және объектінің жұмыстардың басталуына әзірлігі туралы орындауға әзірлік актісі;
- тапсырыс берушінің оның объектісінде мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың жұмыскерлері орындайтын қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу туралы өкімдері;
- мердігерлердің (қосалқы мердігерлердің) тиісті бұйрықтары (өкімдері);
- құрылысты ұйымдастыру жобасы немесе жұмыс жүргізу жобасы;
- негізгі жабдықты күрделі немесе ағымдағы жөндеуге арналған жұмыстарды ұйымдастырудың үлгілік немесе мақсатты жобасы;
- газ қаупі бар жұмыстарды ұйымдастыру жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген еркін нысандағы құжаттар пакеті шартты жасасу сатысында шартқа міндетті түрде ««АлЭС» АҚ тарапынан жеткізушіге (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласы бойынша қойылатын талаптар» (Шартқа № 5 Қосымша) қоса беріледі.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

4.9 Аталған құжаттардың көшірмелері жұмыстардың басталуына дейін орындаушыларға (БК, ӨД) ұсынылуы тиіс. Ол олардан жұмыстарды үйлестіру, ұйымдастыруды бақылау және олардың орындалуын талдау бойынша іс-әрекеттерге арналған құжаттар пакетін қалыптастыруға міндетті.

4.10 Шарт жасасу

4.10.1 Мердігерлік ұйыммен шарт жасасу «Шарттарды басқару қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады, шартқа міндетті түрде ««АлЭС» АҚ тарапынан жеткізушіге (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласы бойынша қойылатын талаптар» (Шартқа № 5 Қосымша) қоса беріледі.

4.10.2 Шартта міндетті түрде тараптардың жұмыстарды жүргізу кезінде де, ӨД аумағында болған кезінде де еңбекті қорғау және оның қауіпсіздігі, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жөнінде айтылады.

4.10.3 Шартта міндетті түрде бас мердігердің, мердігердің (қосалқы мердігердің) жұмыскерімен болған инцидент, авария немесе жазатайым оқиға орын алған жағдайда, бұл жөнінде тапсырыс берушіні дереу хабардар ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын қағидаларға сәйкес, «АлЭС» АҚ жауапты өкілінің міндетті қатысуымен тексеру жүргізу бойынша міндеттері көзделеді.

4.10.4 Шартта сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, өндірістік және еңбек тәртібі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары көрсетіледі.

4.10.5 Мердігерлік ұйымның жоғарыда көрсетілген талаптарды елемеуі Қоғам мен мердігер арасындағы қатынастарға сөзсіз әсер етеді және шарттық міндеттемелердің бұзылуына және мердігерлік ұйымның сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілуіне алып келуі мүмкін.

5. Тапсырыс берушінің мердігерлік ұйыммен өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша өзара іс-әрекеті

5.1 Тапсырыс беруші тағайындалған куратор (БК, ӨД бойынша әкімші) тұлғасында мердігерлік ұйымның өндірістік қауіпсіздік саласындағы осы Ережеде және Тапсырыс берушінің мердігерлік ұйыммен өзара іс-әрекеті тәртібін реттейтін нормативтік құжаттарында жазылған негізгі талаптарды сақтау бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауына бақылауды қамтамасыз етеді.

5.2 Мердігерлік ұйым осы Ереженің 4.3-, 4.4-тармақтарына сәйкес, Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын тиісті түрде орындауы тиіс.

5.3 Қосалқы мердігерлік ұйымдар тартылған жағдайда мердігерлік ұйым қосалқы мердігерлік шарттарға осы Ереженің 4.3-, 4.4-тармақтарына сәйкес өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарды енгізуге міндетті.

5.4 Тапсырыс берушінің қолданыстағы объектілерінің жолдары мен аумақтары бойынша көлік құралдарының және жүк көтергіш машиналардың қозғалысына, тұрағына, сондай-ақ мердігерлік ұйымның ірі көлемді жүктерді, жабдықтарды, мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерін тасымалдауына Тапсырыс беруші өкілінің келісімі бойынша ғана жол беріледі.

5.5 Жүкті жолдар мен Тапсырыс берушінің аумағы бойынша тасымалдайтын мердігерлік ұйымның басшысы көлік қозғалысының бағыттары мен жылдамдығын Тапсырыс берушінің өкілімен келісуі тиіс.

5.6 Тапсырыс берушінің өкілі өндірістік аумақтарда және мердігерлік жұмыстарды орындау объектілерінде өндірістік қауіпсіздік саласында тексерулер/аудиттер жүргізеді. Тексерудің/аудиттің мәні мердігерлік ұйымның жұмыстарды орындауы кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарына сәйкестігі болып табылады. Тексерулер/аудиттер жүргізу кезінде мердігерлік ұйым жұмыстарды жүргізу объектілеріне Тапсырыс берушінің өкілетті өкілдерін алып жүруге және талап етілетін құжаттаманы, жабдықты, құралдарды ұсынуға жәрдем көрсетуге міндетті.

5.7 Мердігерлік ұйым еңбекті қорғау және өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнаманы бұзған, оның ішінде тексеру (аудит) нәтижелері бойынша анықталған, сондай-ақ мердігерлік ұйымның іс-әрекеті оқиғаның туындауына әкеп соққан (әкеп соқтыруы мүмкін) жағдайда Тапсырыс беруші мердігерлік ұйымның жұмысын тоқтата тұруға құқылы.

5.8 Мердігерлік ұйым өмірге қауіп төнуін, авариянның немесе инциденттің туындауын болдырмау бойынша дереу шаралар қолдануға, тексеру актісінде көрсетілген сәйкессіздіктерді жоюға міндетті.

5.9 Объектілерінде мердігерлік ұйым жұмыс жүргізетін Тапсырыс беруші жұмыстарды қайта бастау туралы шешімді жұмыстарды тоқтата тұруға әкеп соқтырған бұзушылықтарды мердігерлік ұйымның толық жоюынан кейін қабылдайды.

5.10 Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушіден еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы бұзушылықтар жөнінде, оның ішінде тексеру (аудит) нәтижесінде анықталған бұзушылықтар жөнінде жазбаша хабарлама алған жағдайда, анықталған бұзушылықтарды 3 жұмыс күні ішінде жою, сондай-ақ мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымның еңбек қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзуға жол берген жұмыскерлеріне қатысты қолданылған шаралар жөнінде Тапсырыс берушіге жазбаша ақпарат береді.

5.11 Мердігерлік ұйымдардың жұмыстарды жүргізушілерімен тікелей өзара іс-әрекетті Тапсырыс берушінің объектілерді салу, жаңғырту, күрделі жөндеу және жөндеу бойынша тағайындалған өкілдері (кураторлар) жүзеге асырады.

5.12 Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы жұмыстардың жүргізілуін бақылауды және бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласындағы мердігерлік ұйымның тиісті қызметтеріне әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

5.13 Тапсырыс берушіге өндірістік қауіпсіздік мәселелері бойынша, оның ішінде мердігерлік ұйымның мүдделерін қозғайтын мемлекеттік қадағалау органдарынан ақпарат келіп түскен жағдайда Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушылар көрсетілген ақпаратты мердігерлік ұйымға жеткізеді.

6. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру және рұқсатты ресімдеу

6.1 ӨД аумағындағы жұмыстарды орындауға шарт жасасқаннан кейін мердігерлік ұйым жұмыстарды жүргізу басталғанға дейін Тапсырыс беруші әзірлейтін және ӨД Техникалық жетекшісі бекітетін келесі күнтізбелік жылға арналған құжаттардың толық тізбесін жыл сайын 25 желтоқсанға дейін ұсынуға міндетті. Құжаттар қағаздағы нұсқада да, электрондық нұсқада да ұсынылуы мүмкін. Бас мердігер құжаттар тізбесі мен көрсетілген мәліметтерді ұйым аумағындағы жұмыстарды орындауға тартылатын қосалқы мердігерлік ұйымдарға да ұсынады.

6.2 Мердігерлік ұйымдарды ӨД аумағына жіберу мердігерлік ұйымның өкілі «ӨД аумағы мен жабдықтарындағы жұмыстарға жіберу кезінде мердігерлік ұйымдар ұсынатын

құжаттар тізбесіне» (бұдан әрі - Тізбе) сай құжаттаманы алдын ала ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады. Осы Тізбе жыл сайын қайта қаралып және ӨД Техникалық жетекшісімен бекітіліп отырады.

6.3 Мердігерлік ұйым деректерді үйлестіру, Тапсырыс берушімен өзара іс-әрекет жасау және ақпарат алмасу үшін өндірістік қауіпсіздік жөніндегі ұйымның жауапты өкілін тағайындайды, сондай-ақ Т.А.Ә., лауазымын, байланыс деректерін (ұялы телефонын, жұмыс телефонын, электрондық поштасын) көрсете отырып, жұмыс беруші актісінің (немесе хаттың) көшірмесін Тапсырыс берушіге береді.

6.4 Мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымның жауапты тұлғасы жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру мақсатында Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша қажетті мәліметтерді, құжаттаманы (коммерциялық және/немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құжаттамалар мен мәліметтерді қоспағанда) ұсынуға міндетті.

6.5 Мердігерлік ұйымды жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс берушінің аумағына жіберу 4-қосымшада келтірілген нысан бойынша ресімделген рұқсат беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

6.6 Рұқсат-актіде мердігерлік ұйымның жұмыстарды жүргізу барысында жоспарланған және орындалатын қауіпсіздік шаралары көрсетіледі, рұқсат-актіге (жаңа құрылыс, жаңғырту, монтаждау және бөлшектеу жұмыстары және басқа да жұмыстар кезінде) қосымша-схемада мердігерлік ұйымның жұмыстарды жүргізу аумағының орны мен шекарасы белгіленеді.

6.7 Сызбада өтпелер, өткелдер, материалдарды жинайтын, қалдықтарды орналастыратын орындардың орналасуы (егер олар бөлінген аумақта болса), жұмыстар жүргізу, техника мен агрегаттарды орнату, электрмен, сумен жабдықтау көздеріне қосу орындары және уақытша электр беру желілерін, су құбырларын және басқа да коммуникацияларды салу тәсілдері көрсетіледі.

6.8 Мердігерлік ұйым жұмыстарының тікелей басшылары қол астындағы жұмыскерлерге рұқсат беру актісінде көрсетілген қауіпсіздік шаралары туралы жеке нұсқама беруге, сондай-ақ қауіпсіздік шараларының сақталуын бақылауға міндетті.

6.9 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етудің іс-шараларын әзірлеу кезінде Тапсырыс берушінің объектілерінде болуға құқығы бар жұмыскерлердің тізімін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің келісілген аумағына рұқсаттаманы ресімдеу үшін мердігердің автокөлік құралдары мен жол-құрылыс механизмдерінің тізбесін беруді көздеу ұсынылады.

6.10 Тапсырыс берушінің өндірістік аумағына кіруге рұқсаты бар мердігерлік ұйымның барлық жұмыскерлері рұқсат беру туралы нұсқауда немесе рұқсат беру актісінде көзделген жұмыс орындары мен объектілерде ғана болуға және жұмыстарды орындауға құқылы.

6.11 Мердігерлік ұйымның жұмыскерлеріне рұқсат беру актісін немесе жұмыстарды орындауға әзірлік актісін алғанға дейін Тапсырыс берушінің объектісінде қандай да бір жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады.

6.12 Мердігерлік ұйымда наряд-рұқсатты ресімдеуді талап ететін қауіптілігі жоғары жұмыстардың тізбесі әзірленуі және Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс.

6.13 Қолданыстағы өндірістік объектілердің аумағында бірлескен жұмыстарды орындау үшін Мердігер мен Тапсырыс беруші:

1) рұқсат беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушінің тізімі бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өндірістік жұмыстар жоспарының жобасын әзірлеуге;

2) жұмыстар жүргізілетін объектіге қатысты қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормалардың талаптарын міндетті түрде көрсете отырып, мердігердің кәсіптері мен жұмыс түрлері бойынша нұсқамалар мен нұсқаулықтар бағдарламаларын келісуге;

3) авариялық жағдайлардың туындауы кезінде құрылысшылар мен пайдаланушылардың іс-қимылын қоса алғанда, жедел басшылық ету тәртібін келісімдеуге міндетті.

6.14 Жұмыс бірнеше мердігерлік ұйымдардың бірлескен күшімен жүргізілетін объектілерде жұмыстарды жалпы үйлестіруді жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші мен мердігерлік ұйымдардың бас мердігері арасындағы келісім бойынша жауапты басшы тағайындалады.

6.15 Тапсырыс беруші ӨД аумағында өндірістік қызметті жүзеге асыратын барлық мердігерлік ұйымдардың тізбесін жүргізеді.

6.16 Тапсырыс беруші мердігерлік ұйым мен алдағы жұмыс көлемі туралы мәліметтерді қарап, талдағаннан кейін мердігерлік ұйымдарды орындалатын жұмыс түрлеріне байланысты тәуекел дәрежесі бойынша сәйкестігіне қарай 1-ші және 2-ші топтарға (1-ші - тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын ұйымдар және 2-ші - тәуекел деңгейі орташа (немесе рұқсат етілген) жұмыстарды орындайтын ұйымдар) бөледі.

6.17 Тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарды орындайтын ұйымдарға технологиялық жабдықты және/немесе электр қондырғыларын жөндеу бойынша жұмыстарды, құрылыс-монтаждау жұмыстарын, ЖКМ-мен жұмыстарды, отты жұмыстарды, жоғары өрмелеу жұмыстарын және биіктіктегі жұмыстарды орындауды жоспарлайтын ұйымдар жатады.

6.18 Тәуекелдің қалыпты (жол берілетін) деңгейімен жұмыс істейтін ұйымдарға сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдар, қызметтер көрсетуге шарт жасасқан ұйымдар жатады. Тәуекел деңгейі орташа (рұқсат етілген) ұйымдарға енгізілген ұйымдар үшін құжаттардың толық тізбесін (шарттың көшірмесін ғана) ұсыну талап етілмейді.

6.19 Зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың, сондай-ақ орындалатын жұмыстар ерекшеліктерінің әсерін болдырмау мақсатында, мердігерлік ұйым (он жұмыс күні ішінде) ӨД аумағында қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оны қосалқы мердігерлік ұйымдардың өкілдерімен келісімдеп, Тапсырыс берушіге ұсынады.

6.20 Мердігерлік ұйым нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды Электр станциялары мен жылу желілерінің жылу-механикалық жабдықтарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына және Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына сәйкес жүргізу кезінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың (уәкілетті тұлғалардың) тізімі бар хатты жұмыстардың басталуына дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын Қоғам БК-сіне жолдайды. Қажетті құжаттардың көшірмелері ӨД-лерге жіберіледі.

Бұдан әрі, ӨҚ және ЕҚБ маманы осы хат негізінде ӨД, БК аумағына кіру туралы нұсқауды әзірлейді және Қоғамның БК Басқарма Төрағасының орынбасары - Бас инженеріне қол қоюға береді.

Осы нұсқау оған Басқарма Төрағасының орынбасары - Бас инженер қол қойғаннан кейін ӨД-ге жіберіліп, ӨД аумағына кіруге және кіріспе нұсқаманың жүргізілуіне құқық береді.

Нұсқауда көрсетілген тұлғаларға ӨД аумағында нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды жүргізулері үшін салалық наряд-рұқсат беру жүйесіне сай уәкілетті тұлғалар ретінде рұқсат беріледі және тексеру үшін тізбеге сай барлық құжаттар ұсынылады, кейіннен өндірістік жұмыстарды орындауға Әзірлік актісі жасалады. 2-қосымша.

6.21 Отты жұмыстарды, жүккөтергіш механизмдермен жұмыстарды жүргізуге рұқсат беру ҚР тиісті Қағидаларына сай жүзеге асырылады.

6.22 ӨД аумағына мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдардың персоналын, сондай-ақ көлікті, оның ішінде жүккөтергіш механизмдер мен арнайы көліктерді жіберу,

ӨД аумағына арнайы киімді, құрал-саймандар мен құралдарды алып кіру ӨД бақылау-өткізу жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6.23 Санитарлық-тұрмыстық және басқа да үй-жайларды мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдарға беру тиісті тапсыру-қабылдау актісін ресімдеу арқылы жүргізіледі.

6.24 Электр цехының персоналы келісім бойынша Мердігерге электр аспаптары мен электр құралдарын энергиямен жабдықтау нүктелеріне қосуға және аппараттарды нормаларға сәйкес қосудың дұрыстығын бақылауға мүмкіндік береді.

7. Нұсқамалар өткізу

7.1 Тапсырыс берушінің объектісіндегі жұмыстардың басталуы алдында мердігер Тапсырыс берушінің еңбекті қорғау қызметімен келісімделген бағдарлама бойынша кезектен тыс нұсқама өткізуге міндетті. Жұмыстарды орындау үшін мердігердің аумағына жіберілетін мердігерлік ұйым жұмыскерлеріне нұсқаманы мердігердің еңбек қауіпсіздігі және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстарды ұйымдастыру мен оларға бақылауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің мамандары немесе осы міндеттер бұйрық арқылы жүктелген Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасы жүргізеді.

7.2 Кіріспе нұсқаманы өткізу үшін Басқарма Төрағасы орынбасары - Бас инженердің және ӨҚжЕҚБ бастығының қолтаңбасы қойылған нұсқау негіз болып табылады.

7.3 Кіріспе нұсқаманы ҚТ кабинетінде ӨД ЕҚ және ЕҚҚ маманы жүргізеді. Нұсқамадан мердігерлік/қосалқы мердігерлік/ұйымның барлық жұмыскерлері түгелдей өтеді.

7.4 Кіріспе нұсқамаден өтуге жіберілген жұмыскерлердің өздерімен бірге біліктілік куәліктері болуы тиіс.

7.5 Жұмыскердің біліктілік куәлігінде: техникалық пайдалану қағидаларын, қауіпсіздік қағидаларын, арнайы жұмыстарды (қажет болған жағдайда), өрт қауіпсіздігі қағидаларын өрт-техникалық минимум көлемінде тексеруден уақтылы өткені туралы жазбалар, тренажерде реанимация тәсілдеріне үйрету бойынша білімдерін тексеру, сондай-ақ медициналық тексеруден уақтылы өткені туралы кәсіпорынның мөрімен расталған жазбалар болуы тиіс.

7.6 Нұсқаманы өткізу мердігерлік ұйымның Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқамаларын тіркеу журналында ресімделеді.

7.7 Нұсқама барысында мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне:

1) Қоғам мен ӨД-нің өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Саясатының мақсаттары, негізгі бағыттары мен бөлімдері;

2) Тапсырыс берушінің аумағындағы жұмыс орнында жүріп-тұрудың қағидалары;

3) өндірістік үдеріс туралы жалпы мәліметтер;

4) Тапсырыс берушінің аумағымен жұмыс орнына қарай қауіпсіз жүру бағдарының схемасы;

5) негізгі қауіпті және зиянды факторлар, қауіпті аймақтар, қоршау және сақтандыру құрылғылары;

6) Тапсырыс берушінің оқиғаларды тексеруге және есепке алуға, жұмыс орындарында аудит жүргізуге, қауіпті өндірістік объектілерде ҚР СТ-ға сәйкес өндірістік бақылау жүргізуге қойылатын талаптары;

7) жеке қорғану құралдарын қолданудың тәртібі мен қағидалары;

8) жұмыс жүргізу учаскесіндегі және жұмыс орындарындағы өрт қауіпсіздігінің талаптары;

9) медициналық пункттің, байланыс құралдарының орналасқан жері, кезекші телефондардың нөмірлері, шұғыл қызметтерді шақыру тәртібі түсіндірілуі тиіс.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

7.8 Тапсырыс беруші қажет болған жағдайда мердігерлік ұйымның өкіліне (қол қою арқылы) өндірістік департамент аумағындағы зиянды және қауіпті өндірістік факторлар туралы мәліметтерді, сондай-ақ жұмыстарды орындау үшін қажетті қолданыстағы стандарттар мен ережелерді, атап айтқанда:

1) «АлЭС» АҚ-да мердігерлік ұйымдардың жұмысын ұйымдастыру тәртібі туралы ережені;

2) Өткізу және объектішілік режим туралы ережені;

3) «Қауіпсіздіктің алтын қағидалары» стандартын;

4) ««Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында оқиғаларды есепке алу және ішкі тергеп-тексеру» стандартын;

5) «Тәуекелді бағалау. Жұмыстардың қауіпсіздігін талдау» стандартын;

6) «Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудиті» стандартын;

7) Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация жоспарын және хабарлау сызбасын;

8) ӨД-дегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты және т.б.;

9) сұратылған кәсіптер бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін береді.

8. Жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу

8.1 Мердігерлік ұйымның жұмыстардың қауіпсіз жағдайларын жасау мақсатындағы міндеттері:

1) Жұмыстарды ұйымдастыруды мен жүргізуді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес қамтамасыз ету;

2) өрт қауіпсіздігі, қауіптілігі жоғары жұмыстарды дайындау және қауіпсіз жүргізу, жабдықтарды қауіпсіз пайдалану және т.б. үшін оқытудан және аттестаттаудан өткен жұмыскерлер қатарынан бұйрық арқылы жауапты тұлғалар тағайындау;

3) қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізуге наряд-рұқсаттарды және басқа да рұқсат құжаттарын ҚР қолданыстағы НҚА-сына сәйкес ресімдеуді қамтамасыз ету;

4) жұмыстар жүргізілетін орында мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жауапты тұлғаларының тұрақты түрде болуын қамтамасыз ету;

5) демалыс және мереке күндері, түнгі уақытта нарядтар мен өкімдер бойынша қауіптілігі жоғары жұмыстарды жүргізу қажет болған кезде жұмыстарды орындауға рұқсат беру мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жауапты тұлғалары тарапынан қадағалауды қамтамасыз еткен кезде ғана жүзеге асыру;

6) жұмыстар жүргізілетін орынды алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету;

7) жұмыстарды жүргізу кезінде өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарының сақталуын бақылау;

8) жұмыстардың жүргізілуін адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін немесе авариярға әкеп соқтыруы мүмкін бұзушылықтардың анықталуы жағдайында тоқтата тұру;

9) Тапсырыс берушінің өкілдерін, қауіпсіздік қызметінің және Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін күзет ұйымдарының жұмыскерлерін бақылау мен тексерлеруді жүзеге асырулары үшін жұмыстар жүргізілетін орынға жіберуді және бірге жүруді жүзеге асыру, олардың негізді талаптарын орындау;

10) өндірістік объектілердің аумағында жүрген кезде техникалық жарамды автокөлікті пайдалану, өз көлігін белгіленген нысандағы рұқсатнамалармен, жол парақтарымен қамтамасыз ету;

11) жұмыс жоспарындағы барлық өзгерістерді Тапсырыс беруші тарапынан жауапты өкілмен келісімдеу. Техногендік немесе табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды

болдырмау немесе оқшаулау үшін кідіріссіз әрекет жасау қажет болатын жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс берушінің жауапты өкілінің алдын ала келісімінсіз жұмыстарды жүргізу жоспарынан ауытқуға жол берілмейді. Осы іс-әрекеттер басталғаннан кейін мердігерлік ұйым бұл жөнінде Тапсырыс берушінің осы жұмыс учаскесіне жауапты өкіліне дереу хабарлауы тиіс;

12) Тапсырыс берушінің басшылығын (қолданыстағы хабарлау схемасына сәйкес) жұмыс жүргізу учаскесінде болған (орын алған) барлық жазатайым оқиғалар, инциденттер, авариялар жөнінде дереу хабардар етіп отыру.

8.2 Тапсырыс берушінің:

1) мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерін өндірістік аумаққа жеке қорғану құралдарынсыз жібермеуге;

2) мердігерлік ұйымдардан жеке қорғану құралдарын қамтамасыз ету және қолдану бойынша белгіленген қағидалар мен нормалардың сақталуын талап етуге **құқығы бар**.

8.3 Жұмыстарды жүргізу аумағы мен орындары

8.3.1 Құрылыс-монтаждау, жөндеу және басқа да жұмыстарды орындау үшін объектілерді, аумақтарды немесе олардың бір бөлігін мердігерлік ұйымға беру аумақты, учаскені бөлу мүмкіндігі болған жағдайда Тапсырыс беруші белгілеген құжаттардың нысандарына сәйкес екіжақты рұқсат беру актісімен ресімделуі тиіс.

8.3.2 Мердігерлік ұйым жұмыстарының жауапты басшысы жұмысты Тапсырыс берушінің объектілеріне, өрт сөндіру құралдарына, эвакуация жолдарына және т.с.с. өтетін жолдар мен өту жолдарын бөгеуге жол бермейтіндей етіп ұйымдастыруға міндетті.

8.3.3 Өндірістік тәуекел жағдайларындағы жұмыстарды бастар алдында орындалатын жұмыстардың сипатына байланысты немесе байланысты емес қауіпті факторлар тұрақты әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін адамдар үшін қауіпті аймақтарды бөліп қою қажет.

8.3.4 Жұмыскерлердің уақытша немесе тұрақты болатын орындары қауіпті аймақтардан тыс жерлерде орналасуы тиіс.

8.3.5 Тұрақты жұмыс істейтін қауіпті өндірістік факторлар аймағының шекараларында қорғаныш қоршаулары, ал ықтимал қауіпті өндірістік факторлар аймағының шекараларында қауіпсіздік белгілері орнатылуы тиіс.

8.3.6 Қауіпті аймақтарда жұмыстарды орындауға қатысы жоқ тұлғалардың кіруіне жол бермеу үшін жұмыстың басталуына дейін еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша талаптарды регламенттейтін қорғаныштық немесе сигналдық қоршауларды, қауіпсіздік белгілері мен аншлагтарын орнату қажет. Бұл ретте қоршаулар қауіптілік көзі болып табылмауы, жабдықтың технологиялық мүмкіндіктері мен оған қызмет көрсетуді шектемеуі тиіс.

8.3.7 Тапсырыс берушінің бірлескен жұмыстар жүргізілетін құрылымдық бөлімшесінің аумағындағы жұмыстарды орындау кезінде қоршауларды орнату тәртібі өндірістік жағдайларды ескере отырып, рұқсат беру актісімен белгіленеді.

8.3.8 Мердігерлік ұйым Тапсырыс беруші орнатқан қоршауларды және басқа да қорғаныс құралдарын, коммуникацияларды және т.с.с. уақытша бөлшектеу мүмкіндігін Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесімен (аумағында жұмыстар жүргізіліп жатқан) алдын ала келісімдеуге міндетті. Мердігерлік ұйым бөлшектеген қоршауларды, басқа қорғаныс құралдарын, коммуникацияларды және т.с.с. қалпына келтіруді мердігерлік ұйым өз есебінен жүзеге асырады.

8.3.9 Тапсырыс берушінің объектілері Мердігерлік ұйымның кінәсінен бүлінген жағдайда, бұл объектілерді қалпына келтіру осы мердігерлік ұйымның қаражаты есебінен жүргізіледі.

8.3.10 Тарату құрылғыларын қоса алғанда, су құбырларының, кәріздердің, жылу желілерінің, сығымдалған ауаның және басқа да желілердің магистральдық желілерін құрылыс, жаңғырту, күрделі жөндеу объектілеріне уақытша жеткізу Тапсырыс беруші мен мердігерлік ұйым арасындағы келісім бойынша жасалған шарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.3.11 Мердігерлік ұйым бөлінген аумақтың шекараларын, жұмыс орындарын, көлік жүретін жолдарды, өту жолдарын, тамақтану орындарын, санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды және аумақтың басқа да учаскелерін, сондай-ақ қауіпті және зиянды өндірістік факторлары бар немесе пайда болуы мүмкін қауіпті аймақтарды визуалды құралдармен (қоршаулармен, қауіпсіздік белгілерімен, сигналдық белгілермен, аншлагтармен, сигналдық таспалармен, жарық аспаптарымен және басқа да қолданылатын қолжетімді құралдармен) белгілеуі тиіс.

8.3.12 Мердігерлік ұйым жұмыскерлерге зақым келтіру, мүлікке және қоршаған ортаға залал келтіру, сондай-ақ жұмыстарды орындаудағы кідірістер қаупін азайту үшін бөлінген аумақты және жұмыстар жүргізілетін орындарды қанағаттанарлық жағдайда ұстауды қамтамасыз етуі тиіс.

8.3.13 Жұмыс барысында мердігерлік ұйым барлық қажетсіз материалдар мен жабдықтарды, өндіріс пен тұтыну қалдықтарын сақтауға жол бермеуі және жұмыс жүргізу орнынан алып әкетуді қамтамасыз етуі тиіс, сондай-ақ жұмыс орындалғаннан кейін жұмыс орындарын күн сайын, ауысым сайын жинауды жүргізуге міндетті.

8.3.14 Мердігерлік ұйым жұмыс жүргізу барысында күн сайын, ал жұмыс аяқталғаннан кейін - жұмыс орындары мен жұмыс жүргізу аумағын объектіде (объект орналасқан аумақта) жұмыс жүргізу барысында пайда болған материалдардың, өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың қалдықтарынан түпкілікті тазартуды жүзеге асыруға міндетті.

8.3.15 Тапсырыс берушінің аумағында жұмыстарды тікелей орындаумен байланысты емес (егер шартта не басқа жазбаша келісімде өзгеше белгіленбеген болса) тұлғалардың, көлік құралдарының, агрегаттардың, мердігерлік ұйымның жабдықтарының болуына жол берілмейді.

8.3.16 Мердігерлік ұйым жұмыстардың жүргізілуін Тапсырыс беруші жобалық құжаттамада айқындаған бөлінген, берілген жер учаскелерінің шекаралары шегінде жүзеге асыруы тиіс.

8.4 Жеке қорғану құралдары

8.4.1 Мердігерлік ұйым өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 943 Бұйрығына, еңбек шарттарына және Арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын тегін берудің үлгілік салалық нормаларына және Тапсырыс берушінің ЖҚҚ-ға қоятын талаптарына сәйкес жеке қорғану құралдарымен (бұдан әрі - ЖҚҚ) толық көлемде қамтамасыз етуі тиіс;

8.4.2 Мердігерлік ұйым жұмыстарды орындауы және Тапсырыс берушінің объектісінде болуы уақытында (тұрмыстық үй-жайларды орналастыру, жұмыскерлердің тұруы үшін бөлінген аймақтан басқа) жұмыскерлерінің арнайы киімді, арнайы аяқ киімді және басқа да жеке қорғану құралдарын қолдануын қамтамасыз етуге міндетті;

8.4.3 «Қорғаныс каскаларының әр түрлі түстерін қолдану жөніндегі нұсқаулыққа» сәйкес, мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің аумағында жұмыстарды жүргізу, қызметтер көрсету және т.б. үшін болған кезде мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерін сәйкестендіру үшін қызыл түсті каскаларды қолданулары тиіс.

8.4.4 Жұмыскерлерді сәйкестендіруді қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде

еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы нормаларының сақталуын, пайдаланудағы бұзушылықтарды бейнебақылау жүйесі арқылы бақылау үшін мердігерлік ұйымның басшылары мен жұмыс жүргізушілері «АлЭС» АҚ өндірістік департаменттерінің аумағында «Басшы», «Жұмыстарды жүргізуші» деген жазуы бар сары түсті кеудешелерді киіп жүруі тиіс.

8.4.5 Мердігерлік ұйым өз жұмыскерлерін ЖҚҚ қолдану қағидалары, ЖҚҚ пайдалану, күтіп-ұстау, сақтау және сынау жөніндегі талаптар бойынша өзі оқытады.

8.5 Өндірістік бақылау

8.5.1 Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріндегі жұмыстарды орындау уақытында өз жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының және өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына өндірістік бақылауды қамтамасыз етуге міндетті.

8.5.2 Мердігерлік ұйымдардың өндірістік бақылауды жүзеге асыруға жауапты жұмыскерлері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік, технологиялық тәртіп талаптарының сақталуын және өндірістік үдерістердің қолданыстағы нормалар мен қағидаларға сәйкестігіне бақылауды;

2) Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріндегі жұмыстарды орындау кезінде қолданылатын өндірістік жабдықтың, көлік құралдарының техникалық жағдайына бақылауды;

3) өнеркәсіптік, өрт және экологиялық қауіпсіздік, еңбекті қорғау қағидаларына қатысты бұзушылықтардың орын алуы жағдайында барабар шаралар қолдануды;

4) авариялардың алдын алуға және аварияларды оқшаулау мен олардың зардаптарын жоюға әзірлікті қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың ұйымдастырылуын;

5) жазатайым оқиғалар мен авариялардың себептерін және олардың алдын алу тәсілдерін анықтау үшін оларды тексеруді қамтамасыз етуге міндетті.

8.6 Оқиғаларды тексеру

8.6.1 Мердігерлік ұйымның өндірістік бақылауды қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалары жұмыстар жүргізілетін учаскеде орын алған (туындаған) барлық жазатайым оқиғалар, жұмыскер денсаулығының өлім жағдайына әкеп соқтыруы мүмкін нашарлауы, авариялар, инциденттер, өрттер, химиялық заттардың төгілуі, жол-көлік оқиғалары және басқа да оқиғалар жөнінде Тапсырыс берушінің жедел-диспетчерлік қызметіне не Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушыға дереу хабарлауға міндетті.

8.6.2 Тапсырыс берушінің өндірістік бақылауды қамтамасыз ететін лауазымды тұлғалары объектілердегі жұмыстарды орындау кезінде орын алған оқиғалар бойынша және Тапсырыс берушінің мүддесі үшін тексеруге қатысуға, өз тексеруін жүргізуге құқылы.

8.6.3 Өндірісте мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне қатысты орын алған жазатайым оқиғаларды тексеру Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің және Қазақстан Республикасы «Азаматтық қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

8.6.4 Мердігерлік ұйымдар жазатайым оқиғаларды, авариялар мен инциденттерді тексеру нәтижелері бойынша объектісінде оқиға болған Тапсырыс берушінің ӨД ЕҚ және ЕҚҚ-сына оқиға салдарынан болған экономикалық залал туралы анықтаманы ұсынады. Жазатайым оқиға немесе мердігерлік ұйымның жұмыскері кәсіптік ауруға шалдыққан жағдайда - оқиға болғаннан кейін 2 тәулік ішінде - жарақаттың ауырлық дәрежесі туралы қорытынды (кәсіптік ауруды белгілеу туралы қорытынды) ұсынылады;

Жазатайым оқиғалардың салдарынан зардап шеккендердің еңбекке уақытша

жарамсыздығы аяқталғаннан кейін өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдары туралы хабарламалардың көшірмелері ұсынылады.

8.7 Жұмыскерлерді оқыту және аттестаттау

8.7.1 Мердігерлік ұйым Тапсырыс берушінің объектілеріне жұмыстарды қауіпсіз жүргізу қағидалары бойынша оқытудан өткен және жұмыстарды жүргізуге барлық қажетті рұқсаттары бар білікті жұмыскерлерді жіберуге міндетті.

8.7.2 Мердігерлік ұйымның өндірістік персоналы, «Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді және білімдерін тексеруді жүргізу мерзімдері» Қағидаларына сәйкес, еңбекті қорғау бойынша оқыту мен аттестаттаудан (білімдерін тексеруден) уақтылы өтуі тиіс.

9. Мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың жауапкершілігі

9.1 Мердігерлік/қосалқы мердігерлік/ұйымдардың басшылары мен мамандары төмендегілер:

1) ӨД аумағында жұмыс жүргізуге рұқсат беру үшін қажетті құжаттардың толық тізбесін ұсыну. Көрсетілген тізбені Тапсырыс беруші әзірлейді және ӨД техникалық жетекшісі бекітеді. Құжаттар қағаз және/немесе электрондық түрде ұсынылуы мүмкін;

2) персоналдың өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік талаптарын арттыру үшін кәсіби тәуекелдерді басқару;

3) өз жұмыскерлерін жұмыстарды ҚР-да өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша қолданылатын нормалар мен қағидалардың және ӨД ІНҚ талаптарына сәйкес жүргізудің қауіпсіз әдістеріне қажетті оқытуды қамтамасыз ету;

4) жұмыстардың Қазақстан Республикасында өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша қолданылатын нормалар мен қағидалардың және ӨД ІНҚ талаптарына сәйкес орындалуы;

5) осы ұйым жұмыскерлерінің кінәсінен болған кез келген кластағы ықтимал инциденттер мен жазатайым оқиғалар;

6) жарақаттар, инциденттер, өрттер, авариялар және т.б. туралы мәліметтерді дереу тиісті цех басшысына/шарт бойынша кураторға, ӨД сауықтыру пунктіне және Тапсырыс берушіге ұсыну;

7) жұмыскерлерді үлгілік салалық нормалар мен талаптарға сәйкес барлық киім түрлерінде (қысқы, жазғы) мердігерлік ұйымдардың логотиптері бар бірыңғай арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, каскалармен (иек белбеуімен) және басқа да жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;

8) жұмыскерлердің медициналық тексеруден, дәрігерге дейінгі көмек көрсету қағидалары бойынша тексеруден, техникалық пайдалану қағидалары мен өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қағидалары бойынша білімдеріне біліктілік тексеруден уақтылы өтуі;

9) ӨД-ден берілген санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды тазалық пен реттілік жағдайында ұстау (мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдарға санитарлық-тұрмыстық және басқа да үй-жайларды беру өрт қауіпсіздігі және санитарлық-гигиеналық талаптарды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларды көрсете отырып, тиісті қабылдау-өткізу актісін ресімдеу арқылы жүргізіледі);

10) зауыттық тәсілмен дайындалған және қажетті тексеруден, салыстырып тексеруден және сынаудан өткен құрал-саймандардың, жабдықтар мен айлабұйымдардың, инвентарлық (инвентарлық емес) мінбесатылардың, баспалдақтар мен сатылардың, қоршаулардың, сигналдық ленталар мен ескерту белгілерінің болуы және қолданылуы;

11) жұмыс орындарын уақтылы жинау және құрылыс, жанғыш қоқыстар мен

металл сынықтарын, тұрмыстық және тамақ қалдықтарын, к/б майланып кеткен арнайы киімді рұқсат етілген полигондарға (қоқыс тастайтын орындарға) шығару үшін жауапты болып табылады.

9.2 Мердігерлік ұйым:

1) кен орындарының жұмыс алаңына немесе мердігерлік Шартқа байланысты жұмыстар жүргізілетін кез келген басқа аумаққа алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және уытты заттарды алып өтуге, ол жерлерде тұтынуға және (немесе) сақтауға толық тыйым салуды енгізуге және өз жұмыскерлерін осы тыйым салумен таныстыруға;

2) Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне, өндірістік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті заттарды қоспағанда, алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан мас болуды тудыратын заттарды алып өтуге және (немесе) ол жерлерде сақтауға жол бермеуге;

3) жұмыстарды заңнамада белгіленген тәртіп бойынша әзірленген және бекітілген жобалау құжаттамасына, технологиялық регламенттерге, жұмыс жүргізу жобаларына сәйкес орындауға;

4) жұмыстарды жүргізу нәтижесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының иесі өзі бола отырып, оларды өз есебінен жинауды, қауіпсіз уақытша сақтауды, кәдеге жаратуды, шығаруды және белгіленген тәртіппен мамандандырылған ұйымға тапсыруды қамтамасыз етуге міндетті.

9.3 Тапсырыс берушінің аумағына жұмыс жүргізуге жіберілген мердігерлік ұйымның әрбір жұмыскері:

1) мердігерлік ұйым белгілеген еңбек тәртібін және Тапсырыс берушінің талаптарын сақтауы;

2) жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қалыпты өндіріске кедергі келтіретін немесе қиындататын себептер мен жағдайларды (инцидент, авария) дереу жою шараларын қолдануы және болған жағдай жөнінде жұмыстардың тікелей басшысына және Тапсырыс берушінің әкімшілігіне дереу хабарлауы;

3) өзінің жұмыс орнын, жабдығын, құрал-саймандары мен құрылғыларын реттілікте, тазалықта және жарамды күйде ұстауы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің өндірістік аумағында тазалық пен тәртіпті сақтауы;

4) жұмыс аяқталғаннан кейін барлық құрал-саймандар мен қосалқы материалдарды жинап тастауы;

5) жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (үздіксіз жұмысты қоспағанда) барлық оттегі баллондары мен пропаны бар баллондарды әкімшілік және өндірістік үй-жайдан (ғимараттан) шығаруы тиіс.

9.4 Мердігерлік ұйымның жұмыскерлеріне:

1) жұмыстарды орындау жағдайларын, ретін, көлемін және мерзімдерін өз бетінше өзгертуге;

2) шартта көзделмеген жұмыстарды орындауға;

3) жұмыс істеп тұрған қондырғыларда, өндірістік үй-жайларда және Тапсырыс берушінің кен орындары мен объектілері аумағындағы жұмыстар жүргізу үшін бөлінген аумақтан тыс жерде өндірістік қажеттіліксіз жүруге;

4) көлік құралдары қозғалысының Тапсырыс берушімен келісілген бағдарын бұзуға;

5) Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің назарын еңбек функцияларын орындаудан басқа нәрселерге аударуға;

6) Тапсырыс берушінің мүлкін онымен алдын ала келіспей пайдалануға;

7) Тапсырыс берушінің жұмыс істеп тұрған объектілерінде наряд-рұқсат ресімдемей, оның ішінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу үшін жауапты тұлғаның болмауы жағдайында аса қауіпті жұмыстарды орындауға;

8) жұмыстарды орындау үшін қолданылмайтын жабдықтар мен материалдарды Тапсырыс берушінің кен орындары мен объектілерінің аумағына алып кіруге және орналастыруға;

9) Тапсырыс беруші персоналының жұмыс орындарын, наряд-рұқсатты және өзге де құжаттаманы тексеруі кезінде не Қоғам/ӨД аумағында жүріп-тұру барысында құжаттарды (наряд-рұқсатты, біліктілік куәлігін, рұқсаттаманы және т.б.) ұсыну жөніндегі талапты елемеуге;

10) түсініктеме беруден бас тартуға және т.б.;

11) кәсіпорын өкілдерімен әңгімелесу барысында балағат және дөрекі сөздерді қолдануға, әдепке сай емес мінез-құлық көрсетуге, қорқытуға және күш қолдануға;

12) санитарлық тораптардағы қолжуғыштар мен су ағызатын құбырларды құрал-саймандарды жуу үшін пайдалануға, сондай-ақ оларға сыр, цемент және т.б. сияқты құрылыс материалдарын құюға;

13) кеңселерде, ғимаратта, кәсіпорынның өндірістік және қызметтік үй-жайларында, жұмыс орнында, дәретханаларда және басқа да қоғамдық орындарда немесе автомобиль кабинасында темекі шегуге тыйым салынады. Темекі шегуге тек арнайы бөлініп, жабдықталған және қолданыстағы МемСТ-қа сай белгімен (Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалар) белгіленген орындарда ғана рұқсат етіледі.

9.5 Мердігерлік ұйым жұмыскерінің:

1) Тапсырыс беруші тарапынан еңбекті қорғау талаптарының бұзылуы салдарынан оның өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайда, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мұндай қауіп жойылғанға дейін жұмыстарды орындаудан бас тартуға;

2) Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік қауіпсіздіктің жай-күйі, жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары, денсаулыққа зиян келу қаупінің қатерлері, қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғау жөніндегі шаралар туралы анық ақпарат алуға құқығы бар.

9.6 Жұмыстардың тікелей басшысы немесе Тапсырыс берушінің өкілі мердігерлік ұйым жұмыскерінен жұмыскердің өмірі мен денсаулығына тікелей елеулі қауіп сақталған жағдайда жұмысты қайта бастауды талап ете алмайды.

9.7 Тапсырыс берушінің жұмыскерлері:

1) мердігерлік ұйымның өкіліне (сұрау салуы бойынша), оның өз жұмыскерлері мен қосалқы мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлерін одан әрі таныстыруы, оларға нұсқама беруі және ӨД аумағында жұмыстарды орындау кезеңіне оларды жұмыста басшылыққа алуы үшін ӨД аумағындағы зиянды және қауіпті өндірістік факторлар туралы, ӨД-де жұмыс жүргізуге қажетті енгізілген стандарттар мен ережелер туралы мәліметтерді, ТЖ кезіндегі эвакуациялау жоспары мен хабарлау схемасын (қол қойдырып) беру; (Көрсетілген құжаттар сұрау салу бойынша қағаз немесе электрондық нұсқада берілуі мүмкін);

2) мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне (еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша) кіріспе нұсқама жүргізу;

3) ӨД-де қолданыстағы мінез-құлықты байқау жүйесіне сәйкес мердігерлік ұйымдар жұмыстар жүргізген кезде еңбекті қорғау жөніндегі ішкі нормативтік құжаттардың талаптарының орындалуын бақылау;

4) мердігерлік ұйымдардың басшыларымен (келісу бойынша) мерзімді кеңестер өткізуге және олардың назарына еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тексерулердің нәтижелерін жеткізу;

5) мердігерлік (бас мердігерлік) ұйымның өкілдерімен бірлесіп, жұмыс орындарының қауіпсіз жағдайларына, сондай-ақ тазалығына қатысты комиссиялық аралау актілерін апта сайын (әр бейсенбіде) жүргізуге және ресімдеу үшін жауапты болып

табылады.

9.8 Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің:

1) мердігерлік ұйымдардың басшыларына техникалық пайдалану, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі қағидаларының, сондай-ақ өндірістік санитарияның, жасалған шарт талаптарының, Қоғамның және ӨД-нің стандарттары мен ережелерінің бұзушылықтарын жою жөнінде орындалуы міндетті хаттар беруге;

2) осы жұмысты орындауға рұқсаты жоқ немесе техникалық пайдалану, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі қағидаларының, Қоғамның және ӨД-нің стандарттары мен ережелерінің талаптарын бұзатын адамдарды жұмыстан шеттетуге;

3) техникалық пайдалану қағидаларының, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларының, Қоғамның және ӨД-нің стандарттары мен ережелерінің талаптарын бұзуға жол бергені үшін мердігерлік ұйымдардың тұлғаларын жауапкершілікке тарту жөніндегі ұсыныстарды БК, ӨД басшылығының қарауына ұсынуға құқығы бар.

10. Мердігерлік ұйымның қызметін бағалау

10.1 Шарт бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушы аудиттердің, тексерулердің нәтижелеріне, инциденттерді тергеп-тексерудің көрсеткіштері мен нәтижелеріне сүйене отырып, мердігерлік ұйымның қызметіне бағалау жүргізеді.

10.2 Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушы орындалған жұмыстар актісіне қол қою кезінде мердігерлік ұйымның қызметін бағалау парағын толтырады, ол мердігерлік ұйымның басшысымен (өкілімен) келісіледі және орындалған жұмыстар актісіне қоса беріледі. Мердігерлік ұйымның қызметін бағалау парағын уақтылы, толық және заңды ресімдеу үшін жауапкершілік Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушыға жүктеледі.

10.3 Бағалау парағының негізінде Тапсырыс беруші тарапынан шарт бойынша жауапты орындаушы 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынылатын нысан бойынша мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытындыны жасайды.

10.4 Әрбір мердігерлік ұйым қызметінің нәтижелері бойынша Тапсырыс беруші тарапынан мердігерлік ұймен жасалған шарт бойынша жауапты орындаушы ӨД мердігерлік ұйымдарының тізілімін жасайды.

10.5 ӨД мердігерлік ұйымдарының тізіліміне енгізілетін ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

1) мердігерлік ұйымның атауы;
2) орындалған жұмыстардың түрі;
3) жұмыс істелген сағаттардың саны;
4) жазатайым оқиғалардың саны;
5) жазатайым оқиғалардың ауырлық дәрежесі;
6) персоналдың еңбекке жарамсыздық уақытының мөлшері;
7) анықталған бұзушылықтардың саны;
8) тіркелген қауіпті жағдайлардың саны;
9) Тапсырыс беруші аудиттері бойынша ескертулердің саны;
10) жұмыстарды тоқтата тұрулардың саны;
11) жұмыстан шеттетілген персоналдың саны.

Мердігерлік ұйымдардың тізіліміне қосымша деректер енгізілуі мүмкін.

10.6 Әрбір мердігерлік ұйымның қызметін бағалау нәтижелері жөніндегі ақпарат,

оның ішінде ӨД мердігерлік ұйымдарының тізілімі, бағалау парағы, мердігерлік ұйымның еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды ӨД тоқсандық есептеріне енгізіледі және осы жұмыстарға жетекшілік ететін Қоғамның бөлімшесіне жіберіледі.

11. ЖҚҚ-ны, құрал-саймандар мен жабдықтарды алып кірудің тәртібі мен талаптары

11.1 Құзыретіне өндірістік қауіпсіздік мәселелері кіретін Қоғамның/ӨД бөлімшесі және бағыттар бойынша бас мердігерлік ұйымнан қызмет (бөлім, басқарма) жұмыскері мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымға Шарттың мәні бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, станция аумағына әкелінетін жеке және ұжымдық қорғану құралдарына, құралдар мен айлабұйымдарға, қол электрлендірілген құралына бақылауды жүзеге асырады және осы мақсаттар үшін олардың электр станциясының аумағына әкелетін құралдары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Құралдармен және айлабұйымдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік қағидаларының» талаптарына сәйкес келуі тиіс, осыған байланысты электр құралының корпустарында **түгендеу нөмірлері** мен келесі тексерулердің күндері, ал төмендеткіш және бөлгіш трансформаторларда, жиілік түрлендіргіштерінде және қорғаныстық-ажыратқыш құрылғыларда – оқшаулау кедергісін келесі өлшеулердің түгендеу нөмірлері мен күндері келесі үлгі бойынша көрсетілуі тиіс:

N ___

Келесі сынау күні "__" _____ 20__ ж.

_____

(зертхананың атауы)

11.2 Мердігерлік ұйымға Шарттың мәні бойынша жұмыстарды орындау үшін және осы мақсаттар үшін қажетті, оның Қоғамның/ӨД-нің аумағына әкелетін жүккөтергіш механизмдер (шығырлар, тальдер, строптар, арбашалар, блоктар, полиспасттар және т.б.) мен жүккармағыш құрылғылар Жүккөтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолданыстағы қағидаларының талаптарына сәйкес келуі тиіс, осыған байланысты:

1) жүккөтергіш механизмдерде кәсіпорынның атауы, түгендеу нөмірі, жүккөтергіштігі және келесі техникалық куәландыру күні көрсетілуі тиіс;

2) жүккармағыш құрылғыларда оның нөмірі, жүккөтергіштігі және сынақ күні көрсетілуі тиіс;

3) әкелінетін жүккөтергіш механизмдер мен жүккармағыш құрылғылар ӨД аумағына аспаптарды, құрылғыларды әкелуге арналған ӨД ІНҚ талаптарына сәйкес құзыретіне өндірістік қауіпсіздік мәселелері кіретін Қоғамның Бөлімшесінде тіркеледі;

4) Жүккөтергіш механизмдер мен жүккөтергіш құрылғыларды тіркеу кезінде Қоғамның құзыретіне өндірістік қауіпсіздік (өнеркәсіптік қауіпсіздік) мәселелері кіретін мамандары осы тармақтан жоғарыдағы тармақшаларда көзделген жазбалардың бар-жоғын тексереді.

11.3 Оттегі баллондарын және пропаны бар баллондарды алып кіру Аспаптармен және құрылғылармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздіктің қолданыстағы қағидаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс, осыған байланысты:

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

1) ӨД-ге әкелінетін барлық оттегі баллондарында және пропан баллондарында кәсіпорынның атауы, зауыттық нөмірі және келесі техникалық куәландыру күні көрсетілуі тиіс;

2) барлық баллондар қорғаныш қалпақтарымен және тығындармен жабдықталуы тиіс;

3) қауіпті жүктерді тасымалдау үшін мердігерлік ұйымдардың арнайы автокөлігі болуы тиіс.

11.4 Мердігерлік ұйым автокөлігінің күзетілетін аумақ бойынша қозғалыс бағыты мен тұрақ орны мердігерлік жұмыстар орындалатын ӨД құрылымдық бөлімшесінің басшысымен айқындалады, ҚҚ-пен және ТБ-мен келісіледі және ӨД Бас инженерімен бекітіледі.

11.5 Мердігерлік ұйымның барлық өкілдері мердігерлік компанияның айырым белгілері - мердігерлік ұйымның қысқаша немесе толық атауы көрсетілген логотиптері бар арнайы бірыңғай киім киюлері тиіс. Мердігердің басшысы және нарядтар бойынша жауапты тұлғалар (учаске бастықтары, шеберлер, инженерлер және т.б.) осы шарттың орындалуын күн сайын бақылап отыруы тиіс.

12. Мердігерлік ұйымдарда Қауіпсіздік техникасы күндерін өткізу

12.1 Қауіпсіздік техникасы күндерін өткізуді ұйымдастыру энергетикалық жабдық объектілерін пайдалану, жөндеу, монтаждау және қайта құру кезіндегі күнделікті жұмысқа, өндірістік жарақаттанушылықтың алдын алуға, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жақсартуға қосымша іс-шара болып табылады.

12.2 Қауіпсіздік техникасы күнін өткізудің мақсаты қолданыстағы қағидалардың, нормалардың, нұсқаулықтардың, стандарттардың және басқа да нормативтік құжаттардың талаптарынан ауытқулар мен бұзушылықтарды анықтау және оларды жою бойынша тиісті шаралар қабылдау болып табылады.

12.3 Қауіпсіздік техникасы күнін өткізу өндірістік жарақатқа әкеп соғуы мүмкін бұзушылықтар мен ауытқуларды барынша анықтауға және оларды дереу жою бойынша жедел шаралар қабылдауға бағытталуы тиіс.

12.4 Қауіпсіздік техникасы күні алдын ала әзірленген тақырып бойынша және таңдалған тақырыпқа сәйкес келетін ұранмен өткізілуі мүмкін.

12.5 Қауіпсіздік техникасы күні еңбек қызметіне және атқаратын лауазымына қарамастан, осы іс-шараға бүкіл еңбек ұжымының қатысуын көздейтін, персоналмен жұмысты ұйымдастырудың ең бұқаралық нысандарының бірі болып табылады.

12.6 Мердігерлік және қосалқы мердігерлік құрылыс-монтаждау, жөндеу, жөндеп-келтіру ұйымдары Қауіпсіздік техникасы күнін өздері бекітілген немесе іссапарға жіберілген энергия кәсіпорындарымен (ӨД) бірлесіп өткізеді.

12.7 ҚТ күнін өткізу тәртібі ««АлЭС» АҚ-да Қауіпсіздік техникасы күндерін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ереже» арқылы регламенттелген.

12.8 Мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдардағы қауіпсіздік техникасы күндері өзара келісілген бағдарламалар бойынша өткізілуі тиіс.

12.9 Қауіпсіздік техникасы күнінде анықталған, елеулі шығындар мен уақытты қажет етпейтін бұзушылықтар мен кемшіліктер мүмкіндігінше сол күні немесе таяу күндері жойылуы тиіс.

12.10 Өткізілген ҚТ күнінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша жоспарланған іс-шаралар, оларды жою мерзімдері және жауапты орындаушылар көрсетілген акт ресімделеді. Актінің нысаны 14-қосымшада келтірілген. Мердігер Актінің көшірмесін ӨД ЕҚ және ЕҚҚ-сына береді.

БАҚЫЛАУ ДАНАСЫ

12.11 Бағыныстылығы әртүрлі мердігерлік кәсіпорындар Қауіпсіздік техникасы күнін бірлесіп өткізген жағдайда Қауіпсіздік техникасы күнінің нәтижелері бойынша қорытынды кеңес олар бекітілген немесе іссапарға жіберілген ӨД-де, осы кәсіпорындардың барлық бекітілген немесе іссапарға жіберілген бөлімшелерінің комиссия төрағаларының қатысуымен өткізіледі.

13. Мердігерлік ұйымдар персоналының төтенше жағдай туындаған кездегі іс-әрекеттері

13.1 ӨД аумағында келесідей төтенше жағдайлар:

1) техногендік сипаттағы авариялар (өрттер мен жарылыстар; ғимараттар мен құрылыстар конструкцияларының қирауы; химиялық реагенттердің шығарылуымен болатын авариялар және т.б.);

2) топтық жазатайым оқиғалар, өлім жағдайымен аяқталған немесе ауыр жазатайым оқиғалар;

3) лаңкестік әрекеттер (адамдарды кепілге алу; станция аумағында жарылғыш құрылғылардың болуы және т.б.);

4) табиғи сипаттағы жағдайлар (дауылдар, жерасты сулары деңгейінің көтерілуі, тасқындар және т.б.) орын алуы мүмкін.

Ескертпе: оқиғаның себебін ауысым бастығы (АБ) айқындайды, сондықтан оқиға туралы ақпаратты орталық басқару қалқанына (ОБҚ) беру жылдамдығы маңызды рөл атқарады.

13.2 Мердігерлік ұйымдардың басшылары (немесе оларды алмастыратын тұлғалар) табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындаған, сондай-ақ лаңкестік әрекет қаупі (оның көрініс беруінің кез келген түрі) төнген жағдайда төмендегі әрекеттерді орындауға МІНДЕТТІ:

1) Нұсқаулыққа және Құлақтандыру сызбасына сәйкес әрекет ету;

2) ТЖ туралы хабарлама алынған сәтте, станция аумағындағы (цехта, бөлімде, учаскеде) жұмыс істейтін персоналдың санын тәулік уақытына (күндізгі уақыт немесе түнгі ауысым) қарамастан білу;

3) жағдайды және оның ықтимал салдарын бағалау;

4) ТЖ (өрт) кезінде қозғалыс маршруттарының сызбаларын және станцияның ғимараттары мен құрылыстарынан персоналды эвакуациялау сызбаларын білу;

5) өз кәсіпорнының тікелей Басшылығымен, сондай-ақ ОБҚ АБ-сымен, ЕҚжЕҚҚ-мен, күзет агенттігімен, ӨД-нің өрт сөндіру авариялық-құтқару бөлімімен, қауіпсіздік, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар басқармасымен өзара байланыс ұстау, кез келген байланыс құралдарын пайдалана отырып, өз персоналының ТЖ туралы уақтылы құлақтандырылуын қамтамасыз ету;

6) қалыптасқан жағдай толық жойылғанға дейін ТЖ аймағында жұмыстың кез келген түрін орындауды тоқтату туралы нұсқау беру. Қауіпсіз аймақта жұмыс ауысымының барлық жұмыскерлерінің бар-жоғын тексеру;

7) қарамағындағы жұмыскерлер арасында ықтимал дүрбелеңнің жолын кесу және персоналды ТЖ қауіпті аймағынан қауіпсіз аймаққа эвакуациялау шараларын қабылдау;

8) қауіпті аймақтан қауіпсіз аймаққа эвакуациялық іс-шараларды жүргізу кезінде барлық жұмыскерлердің тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын пайдалануын, қауіпсіздік техникасы қағидалары мен жеке қауіпсіздікті сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

9) шұғыл қажеттілік жағдайында зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсете білу;

10) ТЖ жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезеңінде кәсіпорынға келетін ықтимал материалдық залалды болдырмау немесе азайту, мүлік пен жабдықты қорғау бойынша шаралар қабылдау;

13.3 Назар аударыңыз! Жұмыс орындарындағы персоналды ТЖ аймағынан эвакуациялау туралы хабарламаны тек бірінші басшы (немесе оны алмастыратын тұлға), ОБҚ АБ-сы ғана жариялайды.

13.4 Мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлері табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдай туындағанда, сондай-ақ лаңкестік әрекет қаупі төнгенде (оның кез келген көрінісінде) МІНДЕТТІ:

1) станция аумағында орын алған әрбір жазатайым оқиға немесе ТЖ фактісі туралы өз кәсіпорнының тікелей басшысын (немесе оны алмастыратын адамды) барлық қолжетімді байланыс құралдарын пайдалана отырып, дереу хабардар ету;

2) нақты орналасқан жерін (цех, учаске, қатар, белгі және т.б.), ТЖ түрін (өрт, жазатайым оқиға, жабдық жұмысының бұзылуы, жарылыс, лифтінің ажыратылуы және т.б.), жүргізіліп жатқан жұмыс түрін, ТЖ аймағындағы адамдар санын, оқиғаның себебін хабарлау;

3) өз тегін, лауазымын, ұйымын, байланыс телефонының нөмірін хабарлау;

4) қандай жұмыстар жүргізілгенін, ТЖ жою үшін қандай шаралар қабылданғанын, зардап шеккендердің, қаза тапқандардың бар-жоғын, ТЖ туралы ақпараттың тағы кімге берілгенін хабарлау;

5) жұмыс орынын, ТЖ аймағын тастамай, қалыптасқан ахуалды ескере отырып әрекет ету, мүмкіндігінше авариялық-құтқару іс-шараларын (өрт сөндіру және т.б.) дербес жүргізу.

13.5 Назар аударыңыз! Лаңкестік әрекеттің кез келген көрінісі туындаған кезде қандай да бір іс-қимыл жасауға қатаң тыйым салынады!

13.6 Назар аударыңыз! Жұмыс орындарындағы персоналды ТЖ аймағынан эвакуациялау туралы хабарламаны тек бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға ғана жариялайды.

13.7 Эвакуациялаудың басталғаны туралы хабарламаны алған соң, мердігерлік ұйымның персоналы МІНДЕТТІ:

1) жұмыс орындарын дереу, дүрбелеңсіз тастап, жеке қауіпсіздікті сақтау. ТБ жұмыскерлерінің барлық іс-қимылдарын орындай отырып, ТЖ аймағынан қауіпсіз қашықтыққа, қорғаныш құрылысының (паналау орнының) үй-жайларына шығу немесе ӨД аумағынан тысқары шығарылу.

